

# **1 Наурыз – Алғыс айту күніне» орай «Шабыт» күніне арналған іс-шараның**

## **ХАТТАМАСЫ**

**Шымкент қаласы**

**22.02.2018 жыл**

**Қатысқандар:** «Облыстық оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:** 1. **«1 Наурыз – Алғыс айту күні»,**  
2. **Көрнекі-құралдар көрмесі.**

### **Тыңдалды:**

Күн тәртібінде қойылған мәселе бойынша «Облыстық оңалту орталығының» педагогикалық көмек көрсету бөлімінің менгерушісі Д.С.Ким мамандарға **«1 Наурыз – Алғыс айту күні»** туралы баяндама оқыды.

**Алғыс айту күні** – ұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымыңың белгісі. Қазақ халқы қыын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Алғыс айту күні – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күн.

Келесі кезекте бағдарлама бойынша әдіскер Д.Қалидин көрнекі-құралдар көрмесін үйымдастырды. Көрмедегі көрнекіліктерді көруге ата-аналар да келді.

**Әдіскер:**  **Д.Қалидин**